



БҰЙРЫҚ

050004 Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 65
Тел./факс +7(727) 279 80 91, 279 65 65,
e-mail:kazto@kazto.kz

«25» 01 20 24

ПРИКАЗ

050004 г. Алматы, ул. Желтоқсан, 65
Тел./факс +7(727) 279 80 91, 279 65 65
e-mail:kazto@kazto.kz

№ 24-П

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс жоспарын бекіту туралы

«Мемлекет басшысының 2020 жылғы 01 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі №413 Жарлығының 116-тармағы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

- 2024 жылға арналған «ӘҚСД ҰҒО» ШЖҚ РМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін (№1 қосымша);
- ӘҚСД ҰҒО бөлімдерінің барлық бастықтары тоқсан сайынғы ішкі талдау жасау үшін, тоқсан сайынғы есептерін (әр тоқсанның соңында) комплаенс офицер С. Б. Дүйсенбаевқа ұсынсын.
- Комплаенс офицер С. Б. Дүйсенбаев:
 - ӘҚСД ҰҒО жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізсін;
 - Мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдасын;
 - ӘОД ҒПО жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, ішкі нормативтік құжаттарын: Жұмыскерлердің корпоративтік әдеп Кодексін сақтауын, құпия ақпараты туралы Ережесін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, Мүдделер қақтығысын шешу туралы Ережені, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметкерлерге арналған нұсқаулықтарды, сақтауын бақылауға алсын.
 - Сыбайлас жемқорлық фактілері немесе оларға қатысу туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізсін, сондай-ақ комплаенс-офицердің өз лауазым құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастырсын және өткізсін.
- 03.04.2023 ж. №82-Пр. бұйрықтың күші жойылды деп саналсын.
- Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бас директор

Қ.Тезекбаев

1-Қосымша



« БЕКІТІЛДІ »
ҚР ЕХӘҚМ «ӘҚСД ҰҒО» ШЖҚ РМК
Бас директоры
Қ.М.Тезекбаев

25.01.2024 ж. № 24-Пр. Бұйрығы

ҚР ЕХӘҚМ «Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық
ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК
ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау
Жұмыс жоспары

№ р/р	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1.	ҚР ЕХӘҚМ «ӘҚСД ҰҒО» ШЖҚ РМК сайтының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытының бетін толықтыру	Жаңартылған кезде	А.С.Бердимуратов
2.	Жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 - ші күніне, веб-сайтта ішкі талдауды орналастыру	жыл сайын	А.С.Бердимуратов С. Дүйсенбаев
3.	Бөлім есептерін зерттеу және ішкі талдауды құрастыру	тоқсан сайын	С. Дүйсенбаев
4.	«ӘҚСД ҰҒО» ШЖҚ РМК қызметкерлер арасында түсіндіру және ағарту жұмыстарын жүргізу әрекеттері	жыл сайын	С. Дүйсенбаев
5.	Тоқсандық ішкі талдауды дайындау	тоқсан сайын	С. Дүйсенбаев

Комплаенс офицер

С. Дүйсенбаев